

ЖШС «ИШТАЕВ Е.А» «АЙГӨЛЕК» ЖЕКЕ БӨБЕКЖАЙЫ



**«АЙГӨЛЕК» ЖЕКЕ БӨБЕКЖАЙЫНДА
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛДАРЫНДА
ЖҮРГІЗІЛГЕН ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ
ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ.**

Ертегілер – ауыз әдебиетінің ең көне жанры болып табылады, соның ішінде қиял –ғажайып ертегілерінің бірі «Ұр тоқпақ» ертегісін Х.Бөкеева атындағы Қазақ драма театрының актерлері балаларды ертегімен таныстыру, ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту мақсатында бөбекжайымызға келіп сомдады. Балаларға өте ұнады, керемет көңіл күйде болды.



2022 жылдың қаңтар айында Хореография өнерінің «LETS DANCE» облыстық ашық фестиваліне қатысып Бөбектер биі 4-5 жас номинациясы бойынша «Лягушата» би композициясы жеке балабақша арасында ІІ орын алған үшін жетекшісі Дипломмен марапатталды.



«Гүл» тобының «Қош келдің Жаңа жылым» атты мерекелік шыршасы



«Айгөлек» жеке бөбекжайында жалпы ата – аналар жиналысы оздырылды.



Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев бөбекжай директоры Иштаева Фарида Куанышқалиевнаны Алғыс хатпен марапаттады.



«Гүл» тобының тәрбиешісі құстардың қысқы тіршілігі және қыстайтын құстар туралы түсінік беріп, құстарды қорғауға, ұясын бұзбауға тәрбиелеу мақсатында «Құстардың қысқы тіршілігі» атты тақырыбындағы сабағына қатыстым. Балалар берілген көрнекіліктерге қарап, құстардың суретін салды.



«Шуак» тобының тәрбиешісі «Аққала жапсыру» тақырыбындағы сабағында тәрбиеленушілерге аққала туралы мағлұмат бере отырып, аққала жапсыруды үйретіп, қыс туралы әңгімелеп, сонымен қатар әдемілікке, тазалыққа, шапшаңдыққа, ұқыптылыққа үйретті.



«Ай» тобында музыка пәнінің оқытушысы бөбектермен бірге ән салып, әнге деген қызығушылықтарын оятып, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту мақсатында «Көңілді ноталар» тақырыбындағы сабағы өтті.



«Ай» тобының кішкентай балапандары тәрбиешінің көмегімен киініп, жуынып, сүртінеді, бір - біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, өтінемін» сөздерін айтуға үйретеді. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым - қатынастарын қалыптастыру. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады. Құрылыс материалдарынан үй құрастыра білуге жаттықтыру, қажетті құрылыс материалдарын таңдауға үйрету мақсатында «Үй құрастыру» сабағы.



«Гүл» тобының тәрбиешісі Жабайы жануарлардың сыртқы түрімен тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Жанды табиғатқа қызығушылықтарын, бастамаларын, жауапкершіліктерін қалыптастыру. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Құрдастарының жауаптарын тыңдай білуге және жануарларға қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу мақсатында «Жануарлардың қысқы тіршілігі» тақырыбында сабағы.



№13 «Золотой ключик» атты балабақшасында өткен «Бөбекжайда әдістемелік жұмыстың ұйымдастырылуы» тақырыбында қалалық мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлеріне арналған оқыту семинарына қатыстым. Төмендегі тізім бойынша әр бала-бақша әдіскерлері дайындаған жұмыстарын, сабақтарын көрсетті.



Мектепке дейінгі ұйымдарының ересек және мектепалды топ тәрбиеленушілері арасында «Сиқырлы қар ұшқындары» тақырыбында сырттай сурет байқауына «Айгөлек +» жеке бөбекжайының тәрбиешісі ересек «Нұр» тобындағы Беккарнаев Мухаммед Алидің (4 жаста) «Сиқырлы шырша» атты, Нұрлан Милана (4 жаста) «Көңілді ақала» атты суреттерін және орта «Нұр» тобындағы Исатай Медина (3 жаста) «Ақ ұлпа» атты суреттерін жіберді.



«Мандаринки» Балаларға арналған дамыту орталығының құрылтайшысы бөбекжайымыздың тәрбиешілеріне Грамматика, Дамыту ойындары және дидактикалық ойындарын мектеп жасына дейінгі баланың танымдық әрекетін арттыру мақсатында мастер – сыныбын көрсетті.



«Ай» тобының тәрбиешісі балаларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл күй сыйлау мақсатында «Ертегілер әлемінде» атты тақырыбындағы сабағы қызықты, көңілді өтті.



«Күн» тобының тәрбиешісі Балаларды табиғат бұрышындағы тіршілікке қамқорлық жасауға, гүлдерге су құйып, шаңын сүрту арқылы еңбекке баулу мақсатында «Табиғат бұрышындағы еңбек» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.



Ермексазды алақан арасына және тақтайшада илеп сәбіз пішінін жасап үйрету. Сәбізді қоянға сыйлау арқылы, сыйлық жасаудың жақсы әдет екенін ұғындыру мақсатында «Қоянға сәбіз жасаймыз» тақырыбында өте әсерлі сабағы өтті.



Балаларға судың қасиеті туралы түсінік беру, судың тіршілік үшін маңыздылығын ұғындыру. Сумен тәжірибе жасау арқылы суға бөгде зат қосса оның дәмі, түсі өзгертіндігін көрсету мақсатында «Мөлдір су» тақырыбында қызықты сабағы өтті.



«Күн» тобы таза ауада





«Гүл» тобының тәрбиеленушілері Бекарысқыздары Асма мен Асияның туған күндеріне орай бөбекжайымыздың атынан кішігірім сыйлықтары ұсынылды.

Бөбекжайымыздың логопеді, Сансызбай Ақтілек және Құрмантай Раянамен еріннің қимыл-қозғалыс функциясын тексеріп, ерінді түйістіру, ерінді О дыбысын айтқандай дөнгеліп, біраз ұстап тұру тілді түтікшеге ұқсас ұстап тұру (У дыбысын айтқандай) жаттығуларын орындатты.



Бөбекжай басшысы Иштаева Фарида Қуанышқалиқызы Ассоциация деловых женщин Казакстана «Быть видимой и значимой, а значит быть профессионалом и лидером» атты конференцияға қатысты.



«Ай» тобының тәрбиешісі «Көліктер» тақырыбында, көліктердің түрлерімен таныстыру, автобус, трамвай, жедел жәрдем, өрт сөндіруші, ұшақ, зымыран, кеме, т.б көліктердің қызметі жөнінде түсінік беру мақсатында балаларға көліктер түрін жапсырма жапсыртты.



«Қолғаптар» Балалар өздеріне ыңғайлы, әдемі, жарасымды қолғаптарын қылқаламмен қағаз бетіне түсіруге үйрету. Оны өздері қалаған оюмен әшекейлеп салу. Өз қолдарын жылы ұстауға үйрету мақсатында сабағы өтті.